Аудиторлық есеп № 26-Т

Астана қаласы **05.09.2025 жылы**
№2 дана

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ *(бұдан әрі – Басқарма)*.

Қызылорда облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 15 қантарында мемлекеттік тіркеуден қайта өткен. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 1996 жылдың 22 қаңтарында.

Мекен жайы: Қызылорда облысы, Қызылорада қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс №1.

БСН 951240000284;

ҚР Қаржы министрлігінің Қызылорда облысының қазынашылық департаментінде, БСК KKMFKZ2A, ЖСК KZ70070102KSN3301000 шоты.

Бюджет деңгейі: Жергілікті бюджет.

Меншік нысаны: Қызылорда облысының әкімдігі 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №231 қаулысымен бекітілген мекеменің ережесі.

2. Ішкі мемлекеттік аудит түрі: сәйкестік аудиті;

3.Тексеру түрі:

4. Аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқау: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің *(бұдан әрі - Комитет)* төрағасы Е.Т.Мыңжасаровтың 2025 жылғы 29 шілдедегі №26-Т аудиторлық іс-шараны өткізуге арналған нұсқау және Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Қызылорда облысы бойынша департаментінде 2025 жылғы 31 шілдедегі №25100000017050l2/00030 тіркелген.

5. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Сәйкестік аудиті басқармасының бас сарапшы-мемлекеттік аудиторы Мұратов Ғалымжан Алтайбекұлы.

6. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы: Қызылорда облысы бойынша бюджет қаражатын және мемлекеттік активтерді жоспарлау мен пайдалану сәйкестігіне мемлекеттік аудиті мәселесі бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу.

7. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2023 жылғы 1 қаңтардан айынан бастап 2025 жылғы 30 шілде айы аралығын қоса алғанда.

8. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 04 тамыз айынан бастап 2025 жылғы 05 қыркүйек айын қоса алғанда.

9. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары: Басқарманың басшысы Жанмурат Жаксымуратович Сейіловтың рұқсатымен және Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы – Ж.К.Ебелекованың қатысумен жүргізілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі және мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең ішінде басшылары мен мамандардың қаржылық құжаттарға қол қою құқықтары:

Бірінші қол қою құқығы:

- Басқарма басшысы М.Казыбекова қаржы құжаттарына бірінші қол қою құқығы 14.02.202023 жылдан бастап, 01.04.2025 жылға дейін жүктелген.

- Басқарма басшысы Ж.Ж. Сейілов қаржы құжаттарына бірінші қол қою құқығы 01.04.202025 жылдан бастап, күні бүгінге дейін жүктелген.

Екінші қол қою құқығы:

- бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы – С.А.Жуматова қаржы құжаттарына екінші қол қою құқығы 14.04.2023 жылдан бастап 29.06.2023 жылға дейін жүктелген.

- бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы – Ж.К.Ебелекова қаржы құжаттарына екінші қол қою құқығы 29.06.2023 жылдан бастап күні бүгінге дейін жүктелген.

10. Алдынғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерулердің нәтижелері туралы мәліметтер:

2024 жылдың 1 сәуірнен -24 сәуір айын қоса алған аралықта Қызылорда облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Е.М. Абдрахмановтың 2024 жылғы 28 наурыздағы №13.1-25/2-Т тапсырмасына сәйкес мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы – мемлекеттік аудиторы С.Б.Шалгинбаевпен Қызылорда облыстық бюджеттің 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізіп *(24.04.2024 жылғы қаржылық есептілік)*, мемлекеттік аудитпен 01.01.2023 жылдан 31.12.2023 жылдар аралығы қамтылып, нәтижесімен бұзушылықтар орын алған.

2024 жылдың 20 желтоқсанан – 2025 жылдың 31 қаңтар айын қоса алған аралықта Қызылорда облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Е.М. Абдрахмановтың 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №15.1-113-Т тапсырмасына сәйкес мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы – мемлекеттік аудиторы С.Садикова, бас маман-мемлекеттік аудиторы А.Елікбайқызы Бюджеттік бағдарламалар бойынша іс-шараларды іске асыруға бөлінген республикалық және жергілікті бюджет қаражатының пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізіп *(18.02.2025 жылғы аудиторлық есеп)*, мемлекеттік аудитпен 01.01.2021 жылдан 31.12.2024 жылдар аралығында *(2023 жылдың бюджеттік бағдарламары қамтылған 001-015(002), 005-015 (003),006-015, 007-015, 096-015, 032-015, 113-015 жалпы сомасы 13 635 017,2 мың теңге)* қамтылып, нәтижесімен бұзушылықтар орын алған.

Жалғанды: 24.04.2024 жылғы қаржылық есептілік ___ бетте.

11. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер *(осы бөлімде мемлекеттік аудиттің мақсатына қол жеткізілгендігін растау үшін жеткілікті жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі)*:

Мемлекеттік аудит көрсеткіштері:

Нәтижелілік-*әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттерді іске асыру дәрежесі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.*

1.Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және орындалуына аудиті;

-бюджеттік өтінімді жасау кезінде жүргізілген есептеулердің заңдылығы, растайтын құжаттардың болуы.

- қамтылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген бюджет қаражатының негізділігі, дұрыстығы.

«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты мекемелер.

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық филармониясы» КМҚК.

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры» КМҚК.

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы» КМҚК.

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК.

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қорқыт ата» мемориалды музейі» КМҚК.

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Әбділда Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ.

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы» КММ

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы» КММ.

Аудит объектісі өзіне жүктелген мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді орындауға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге, трансферттердің төлемдеріне және мемлекеттің басқа да міндеттемелеріне байланысты шығыстарды, күрделі шығыстар көлемін негіздеу мақсатында кезекті жоспарлы кезеңдерге бюджеттік өтінім жасақталып, ұсынылған. 2015-2020 жылдарға арналған бюджеттік өтінімдер Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығын басшылыққа ала отырып жасақталған.

«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламасын қамтамасыз етуге 2023 жылға бекітілген бюджетпен барлығы 22 835 225,0 мың теңге қаралып, нақтыланған бюджет 21 821 419,5 мың теңгеге бекітілген.

273 001 - «Жергілікті деңгейде мәдениет, мұрағат ісін, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 251 832,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде Шығармашылық және спорттық тапсырыс

платформасына қол жеткізу қызметінен 6 000,0 мың теңгені бюджетке қайтарып, 3 000,0 мың теңгені қайта бағытталған. Нақтыланған бюджет 248 832,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы 140 қаулысы негізінде басқармаға 1 штаттық бірлік мемлекеттік қызметшіні ұстап тұруға 2 152,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 250 984,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы 218 қаулысы негізінде басқарамадағы қызметкерлердің іс-сапар шығындарына қаржы жетіспеуіне байланысты қосымша 3 574,3 мың теңге қаржы бөлінген. Жыл соңына нақтыланған бюджет 254 558,3 мың теңгені құраған.

273 005 - «Мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 3 917 483,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде "Тұран" облыс әдебиет және өнер иелеріне арналған мерекелік шараны ұйымдастыруға 18 394,0 мың теңге, "Айтыс олимпиадасы" атты облыстық балалар айтысын ұйымдастыруға 3 835,0 мың теңге мен Ақын, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Шөмішбай Сариевтің шығармашылық кешін ұйымдастыруға 9 218,0 мың теңге мен Қызылорда облысының 85 жылдығына орай имидждік телесериал түсіруге 78 500,0 мың теңге, мерекелік шараны ұйымдастыруға 118 918,0 мың теңге бөлінген. Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді жан басына қаржыландырудан 1 000 000,0 мың теңге бюджетке қайтарылған. Нақтыланған бюджет 3 146 348,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 16 маусымдағы 104 қаулысы негізінде «Аналарға тағзым» орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жаңадан ашылуына байланысты ұстап тұруға 49 225,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 3 195 573,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы 140 қаулысы негізінде "Өнер орталығы" және симфониялық оркестрдің іске қосылуына орай олардың жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында Халық шығармашылығын дамыту орталығының режиссер мен оператор және жарық берушіні, яғни 3 маманды шет елдерге (Москва) біліктілігін арттыруға оқуға жіберуге 5 348,5 мың теңге бөлінді. Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығына қосымша қызметтер көрсету жүктелуде. Алдағы уақытта орталық аймақ тұрғындарының неке және отбасы саясатын жүзеге асыруда, некені салтанатты тіркеу рәсімдерін мәдени-көпшілік шара ретінде ұйымдастыратын болады. Ол үшін қазіргі бар штатты қосымша мамандармен қамтамасыз ету жағдайында 17 штаттық бірлікке 15 472,0 мың теңге қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 3 216 393,5 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қазандағы 188 қаулысы негізінде Алматы қаласында Қазақстан Жазушылар одағының концерт залында өтетін Сыр өңірі жазба ақындарының поэзия кешіне 4 532,0 мың теңге, Қазақстан Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Роза Рымбаеваның

шығармашылығын өткізуге 8 453,0 мың теңге, Эльмира Жаңабергенованың жеке концертін өткізуге 6 805,0 мың теңге бөлінді. Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді жан басына қаржыландыруға 150 000,0 мың теңге қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 3 386 183,5 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы 218 қаулысы негізінде Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру бойынша пайдаланылмаған 91 182,0 мың теңгені қаржыны бюджетке қайтарылды. Жыл соңына нақтыланған бюджет 3 295 001,5 мың теңгені құраған.

273 006 - «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 10 945 930,0 мың теңге қаралып, қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде 2 702,5 мың теңге дебиторлық берешекті бюджетке қайтару, "№17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі" КММ-не Тұктібаев ауылында жаңадан спорт кешені пайдалануға берілуіне байланысты ұстап тұру шығындарына 31 422,0 мың теңге бөлінді. Сонымен қатар, шығармашылық үйірмелерге мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс жасайтын платформаның болмауына байланысты 1 000 000,0 мың теңге бюджетке қайтарылған. Нақтыланған бюджет 9 974 649,5 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 16 маусымдағы 104 қаулысы негізінде «Теннис спорт түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ұстап тұру шығындарына 39 200,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 10 013 849,5 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы 140 қаулысы негізінде Мемлекеттік спорттық тапсырыс аясында спорттық секциялардан пайдаланылмаған 800 000,0 мың теңге бюджетке қайтарылды. № 5 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне дизель отынын сатып алуға 3 717,0 мың теңге, Ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубына электрмен жылуына 4 199,0 мың теңге және № 4 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне қысқы спорт түрлеріне спорттық киімдер сатып алуға 15 152,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 9 236 917,5 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қазандағы 188 қаулысы негізінде Қызылорда облысы Шиелі кентінде жаңадан пайдалануға берілген дене-шынықтыру сауықтыру кешін ұстап тұруға 11 319,5 мың теңге, Арал ауданы Қамыстыбас елді-мекенінде пайдалануға спортық сауықтыру кешенін ұстап тұруға 8 026,0 мың теңге, Ақсуат аулдық округі маханбетов елді-мекенінде әуе конструкциясы көпфункционалды спорт кешенін ұстап тұруға 20 500,0 мың теңге, Жаңақорған ауданы М.Нәлібаев елді-мекенінде жаңадан

пайдалануға берілген спорттық сауықтыру кешенін ұстап тұруға 12 815,0 мың теңге қаржы бөлінді. Сонымен қатар, №16 Қармақшы спорт мектебіне 1 480,0 мың теңге, №11 Сырдария спорт мектебіне 7 125,0 мың теңге, №20 Арал спорт мектебіне 2 330,0 мың теңге сұйық отын сатып алуға қаржы бөлінді. ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік спорттық тапсырыс аясында спорттық секцияларға бөлінген қаржыдан 396 000,0 мың теңге бюджетке қайтарылған. Нақтыланған бюджет 8 904 513,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы 218 қаулысы негізінде Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық секцияларды мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру бойынша пайдаланылмаған 32 600,0 мың теңге, «Облыстық олимпиадалық резерв даярлау орталығы» МКК-нен спорттық киімдер бойынша жеңімпаз анықталмауынан 3 726,0 мың теңге, Олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебінен 1С бухгалтерия бағдарламасы бойынша жеңімпаз лицензиясынан айырылуы себепті 144,6 мың теңге және спорттық киімдерден 600,0 мың теңге, «№ 4 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінен қаржыландыру бағдарламасынан 187,2 мың теңге, Жоғарғы спорт шеберлігі мектебінен спорттық киім-кешектен жеңімпаз анықталмауынан 2 801,0 мың теңге бюджетке қайтарылған. Жыл соңына нақтыланған бюджет 8 864 454,2 мың теңгені құраған.

273 007 - «Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарында балаларға жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 701 191,0 мың теңге қаралып, қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде 178,4 мың теңге дебиторлық берешекті бюджетке кері қайтарылған. Нақтыланған бюджет 701 012,6 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы 140 қаулысы негізінде Жалантөс Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің ғимараттарының жылу жүйелерінің тозығы жетуіне байланысты қажетті құрылыс материалдарын сатып алуға 17 000,0 мың теңге, коммуналдық қызметтерге 6 431,5 мың теңге және ғимараттың бейне бақылау жүйесіне жөндеу жүргізуге және күзет қызметіне 7 543,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 731 987,1 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қазандағы 188 қаулысы негізінде Жалантөс Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің 2022 жылдың қорытындысы бойынша жеткен жетістіктеріне және қызметкерлердің еңбек өтілі өсуіне байланысты қосымша 61 877,0 мың теңге қаржы бөлінген. Жыл соңына нақтыланған бюджет 793 864,1 мың теңгені құраған.

273 008 - «Театр және музыка өнерін қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 1 327 168,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде

«Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры» КМҚК-на Алматы қаласына гастрольдік сапарын ұйымдастыртыруға 14 368,0 мың теңге, ғимараттың ауа желдеткішіне жөндеу жүргізуге 28 860,0 мың теңге және «Қызылорда облыстық филармониясы» КМҚК-ы жанынан құрылатын симфониялық оркестрдің құруына орай ұстап тұру шығындарына 39 603,0 мың теңге қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 1 409 999,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы 140 қаулысы негізінде Астана қаласында Қызылорда облысының күндерін өткізуге 67 479,3 мың теңге, "Өнер орталығы" және симфониялық оркестрдің іске қосылуына орай жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында Москва, Италия елдеріне облыстық филармониядан 3 вокалист, 1 режиссер мен 1 жарық беруші баруына 9 703,0 мың теңге қаржы бөлінген. "Өнер орталығы" және симфониялық оркестрдің іске қосылуына орай жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында Москва еліне Н.Бекежанов атындағы театрынан 1 режиссер мен 1 жарық беруші баруына 3 800,0 мың теңге бөлінген. Жыл соңына нақтыланған бюджет 1 490 981,3 мың теңгені құраған.

273 009 - «Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 366 835,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде «Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ-нің ғимараты шатырын ағымдағы жөндеу жұмысына және терезелерді ауыстыруға 8 725,0 мың теңге бөлінді. «Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін адамдарға арналған арнаулы кітапханасы» КММ-нің дебиторлық берешегі 24,1 мың теңгені бюджетке кері қайтарылған. Жыл соңына нақтыланған бюджет 375 535,9 мың теңгені құраған.

273 010 - «Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 449 393,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы 140 қаулысы негізінде облыстық архив мекемесі мен оған қарасты қала, аудандардағы 11 архив филиалының (газбен және электрмен жылыжытады) коммуналдық қызметтеріне 11 600,0 мың теңге және Облыстық 85 жылдығына орай Орынбор архивінен Сыр өңіріне қатысты архивтік құжаттарды алып келу үшін 4 623,0 мың теңге қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 465 616,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қазандағы 188 қаулысы негізінде облыстық архив мекемесінің жылу жүйелеріне қызмет көрсетуге 972,0 мың теңге қаржы бөлінген. Жыл соңына нақтыланған бюджет 466 588,0 мың теңгені құраған.

273 011 - «Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 816 505,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде «Қызылорда облысының тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау» КММ-на Ш.Сариевтің мүсінін дайындау, орнату

жұмыстарына 8 750,0 мың теңге және Қазақ билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ескерткіштерін дайындауға 40 366,7 мың теңге қаржы бөлінді. Сонымен қатар, дебиторлық берешек 5,4 мың теңге бюджетке кері қайтарылды. Нақтыланған бюджет 865 616,2 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 16 маусымдағы 104 қаулысы негізінде "Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі" коммуналдық мемтекеттік қазыналық кәсіпорнына Алтын Орда кезеңіндегі "Сығанақ ханшайымы" 15 000,0 мың теңге мен "Шірік-Рабат Алтын адамы" 25 000,0 мың теңгеге реконструкцияларын экспонат ретінде сатып алуға бөлінді. Сонымен қатар, "Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі" КММ-не облыстың 85 жылдығына орай 3 би композициясын дайындауға 43 302,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 948 918,2 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы 140 қаулысы негізінде Е. Омаровтың, М. Саламатовтың, Ш. Сариевтің бюсттерін дайындау және орнату қызметіне және қазақ билері «Төле би», «Қазыбек би», «Әйтеке би» ескерткіштерін дайындауға және орнату жұмыстарын жүргізуге 111 935,7 мың теңгені 011 бағдарламасынан 032 бағдарламасына ауыстыруға және Қорқыт ата атындағы музейдің айналасын абаттандыру, экспонат сатып алу, сондай-ақ музей территориясын көгалдандыруға минералды тыңайтқыштар сатып алуға 032 бағдарламасынан 011 бағдарламасына 4 701,0 мың теңгені ауыстырылған. Нақтыланған бюджет 841 683,6 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы 218 қаулысы негізінде қаржыландыру бағдарламасына бөлінген 220,0 мың теңге бюджетке қайтарылды. Жыл соңына нақтыланған бюджет 841 463,6 мың теңгені құраған.

273 012 - «Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 155 365,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде құқық қорғау органдары арасында мини-футбол мен волейбол спорт түрлері бойынша облыстық турнир ұйымдастыруға 2 432,0 мың теңге қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 157 797,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы 218 қаулысы негізінде спорттық іс-шараларды өткізу бойынша мемлекеттік сатып алудан үнемделген 13 000,0 мың теңге бюджетке қайтарылды. Жыл соңына нақтыланған бюджет 144 797,0 мың теңгені құраған.

273-013 - «Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 2 255 486,0 мың теңге қаралып, қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 23 қаңтардағы 9 қаулысы негізінде Гандболдан облыстық құрама команда клубы мүшелерінің 2023 жылы Оңтүстік Корея мемлекетінің Сеул қаласында өткізілетін Азия чемпионаты мен Норвегия мемлекетінің Осло қаласында өткізілетін Әлем чемпионатына

қатысуына 70 813,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 2 326 299,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде 2023 жылы облыстық әйелдер волейбол құрама команда мүшелерін волейболдан республикалық жарыстарға дайындығы мен қатысуын ұйымдастыру қызметіне 43 133,0 мың теңге және Облыстық футбол командасының Футбол орталығын (балалар мен жасөспірімдер командалары) Қазақстан футбол федерациясы ойындарының күнтізбесіне сәйкес 2023 жылы футболдан жасөспірімдер командалары арасындағы ресми республикалық жарыстарға дайындығы мен қатысуын ұйымдастыру қызметіне 212 557,0 мың теңге қаржы бөлініп, дебиторлық берешек 176,6 мың теңге бюджетке кері қайтарылған. Нақтыланған бюджет 2 581 812,4 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 16 маусымдағы 104 қаулысы негізінде әр түрлі спорт түрлерінен споршыларды Республикалық және халықаралық жарыстарға дайындауға 100 000,0 мың теңге қосымша бөлінді. Сонымен қатар, "Гандболдан облыстық құрама команда клубы" мекемесі ҚҚС-нан босатылуына байланысты 15 623,0 мың теңге бюджетке кері қайтарылған. Нақтыланған бюджет 2 666 189,4 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы 140 қаулысы негізінде жоғары жетістікке жеткен облыс спортшылары мен жаттықтырушыларына ай сайынғы ақшалай үлес (стипендия) 15 507,2 мың теңге және Әлем, Азия чемпионаттарына, халықаралық, республикалық жарыстардың дайындығы мен қатысуына 100 000,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 2 781 696,6 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қазандағы 188 қаулысы негізінде әлем, Азия чемпионаттарына, халықаралық, республикалық жарыстардың дайындығы мен қатысуына 100 000,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 2 881 696,6 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы 218 қаулысы негізінде әлем, Азия чемпионаттарына, халықаралық, республикалық жарыстардың дайындығы мен қатысуына 18 434,9 мың теңге бөлінген. Жыл соңына нақтыланған бюджет 2 900 131,5 мың теңгені құраған.

273 032 - «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 879 938,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі 72 қаулысы негізінде "Өнер орталығы" құрылыс нысанына қажетті құрылғылармен қамтамасыз етуге (сахнаға қажетті техникалық дыбыс және жарық құрылғылары), сонымен қатар симфониялық оркестрге қажетті музыкалық аспаптар мен костюмдер тіктіруге 676 832,0 мың теңге, Қызылорда облысының 85 жылдығына орай кітап альбом сатып алуға 23 000,0 мың теңге бөлінді. Сонымен қатар, «Қорқыт ата» мемориалды музейіне 4 701,0 мың теңге және №18 Қазалы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ғимаратына күрделі

жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 4 401,0 мың теңге жоба сметалық құжаттама жасақтау үшін бөлінген. Нақтыланған бюджет 1 588 872,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 16 маусымдағы 104 қаулысы негізінде «Мүгедектерге арналған спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне спорттық биге арналған мүгедектер арбасын сатып алуға 10 000,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 1 598 872,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 тамыздағы 140 қаулысы негізінде Қызылорда облыстық филармониясына заманауи LED экран сатып алуға 298 673,0 мың теңге және №4 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің "Евразия" спорт кешеніне 2 жылу қазандығы мен насос сатып алуға 14 700,0 мың теңге. Е.Омаровтың, М. Саламатовтың, Ш.Сариевтің бюсттерін дайындау және орнату қызметіне және қазақ билері «Төле би», «Қазыбек би», «Әйтеке би» ескерткіштерін дайындауға және орнату жұмыстарын жүргізуге 011 бағдарламасынан 111 935,4 мың теңгені 032 бағдарламасына ауыстыруға.

Сонымен қатар, Қорқыт ата атындағы музейге 032 бағдарламасынан 4 701,0 мың теңгені 011 бағдарламасына ауыстыруға және Ж.Бахадүр атындағы мектеп-интернат колледжінен мемлекеттік сатып алудан үнемделген 4 623,0 мың теңгені 010 бағдарламасына бағытталған. Нақтыланған бюджет 2 014 856,7 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қазандағы 188 қаулысы негізінде Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрына жарық беру және штангеттерді сатып алуға және орнату жұмыстарына мемлекеттік сатып алу бойынша жеңімпаз анықталмауына байланысты 214 491,0 мың теңге қаржыны бюджетке қайтару, Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесіне Шөмішбай Сариевтың бюстін тұғырымен сатып алуға 8 750,0 мың теңге және Қазақ билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ескерткіштерін тұғырымен сатып алуға бөлінген 83 668,7 мың теңгені бюджетке қайтарылған. Нақтыланған бюджет 1 707 947,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы 218 қаулысы негізінде Қызылорда облыстық филормониясынан акустикалық дыбыстық жүйеден 209 423,6 мың теңге, Лэд экран 49 242,0 мың теңге, "Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі" КМҚК-нан 1 392,0 мың теңге, "Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі" КММ-нен 145,9 мың теңге, Қызылорда облысының мемлекеттік архивінен 2 270,0 мың теңге, «Мүгедектерге арналған спорт клубы» мүгедектерге арналған кресло коляскадан үнемделген қаржы 1 221,4 мың теңге, Жалаңтөс Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінен 581,0 мың теңге, №17 Қазалы спорт мектебінен 11,2 мың теңге, Анаға тағзым орталығынан 46,5 мың теңге қаржыны бюджетке қайтарылды. Жыл соңына нақтыланған бюджет 1 443 613,4 мың теңгені құраған.

273 096 - «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 335 387,0 мың теңге қаралып, жыл соңына нақтыланған бюджет 335 387 мың теңгені құраған.

273 113 - «Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 23 қаңтардағы 9 қаулысы негізінде бекітілген бюджет 432 712,0 мың теңге, 2023 жылғы 28 сәуірдегі Қызылорда облысы әкімдігінің №72 қаулысы негізінде Қызылорда қаласы С.Майқанова атындағы мәдениет Үйі жанынан мүмкіндігі шектеулі жандардан құралған мәдени-көпшілік жұмыстарын ұйымдастыру бөлімін ашуға 20 244,0 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 452 956,0 мың теңгені құраған.

2023 жылғы 14 тамыздағы Қызылорда облысы әкімдігінің №140 қаулысы негізінде А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі жанындағы "Жастар" театрына қосымша 26 штаттық бірлікті ұстап тұру шығындарына 20 767,7 мың теңге қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 473 723,7 мың теңгені құраған.

2023 жылғы 31 қазандағы Қызылорда облысы әкімдігінің №188 қаулысы негізінде Қармақшы ауданында жаңадан спорттық сауықтыру кешені пайдалануға берілуіне байланысты ұстап тұру шығындарына 13 049,0 мың теңге, Жаңақорған ауданы Төменарық ауылдық округінің Төменарық ауылдық клубын күрделі жөндеуге бөлінген қаржының 10 пайыз 6 727,0 мың теңге қаржысы бөлінді және А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі жанынан «Қызылорда қаласының Жастар театры» бөлімшесін нығайтуға бөлінген штаттық бірлікті ұстап тұру үшін пайдаланылмайтын 10 384,0 мың теңге бюджетке кері қайтарылған. Нақтыланған бюджет 483 115,7 мың теңгені құраған.

2023 жылғы 14 желтоқсандағы Қызылорда облысы әкімдігінің №218 қаулысы негізінде Қызылорда қаласы С.Майқанова атындағы мәдениет Үйі жанынан мүмкіндігі шектеулі жандардан құралған мәдени-көпшілік жұмыстарын ұйымдастыру бөлімін ашу бойынша пайдаланылмаған 7 278,9 мың теңгені бюджетке кері қайтарылған. Жыл соңына нақтыланған бюджет 475 836,8 мың теңгені құраған.

273 115 - «Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 маусымдағы 105 қаулысы негізінде «Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметкерлерінің алдындағы еңбекақы мен пайдаланылмаған еңбек демалысы күндерінің өтемақысы бойынша қалыптасқан қарыздарға 129 206,9 мың теңге бөлінген. Жыл соңына нақтыланған бюджет 129 206,9 мың теңгені құраған.

Анықтама үшін; *2024 жылдың 20 желтоқсанан – 2025 жылдың 31 қаңтар айын қоса алған аралықта Қызылорда облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Е.М. Абдрахмановтың 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №15.1-113-Т тапсырмасына сәйкес*

мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы – мемлекеттік аудиторы С.Садикова, бас маман-мемлекеттік аудиторы А.Елікбайқызы Бюджеттік бағдарламалар бойынша іс-шараларды іске асыруға бөлінген республикалық және жергілікті бюджет қаражатының пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізіп (18.02.2025 жылғы аудиторлық есеп), мемлекеттік аудитпен 01.01.2021 жылдан 31.12.2024 жылдар аралығында (2023 жылдың бюджеттік бағдарламары қамтылған 002-015, 003-015,006-015, 007-015, 096-015, 032-015, 113-015 жалпы сомасы 13 635 017,2 мың теңге)

Аудитпен қамтылуға жататыны 2023 жылға 8 176 401,4 мың теңге *(760-001-015,760-005-015,760-008-015,760-009-015,760-010-015,760-011-015,760-032-015, 760-113-015, 760-115-015)*

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламасын қамтамасыз етуге **2024 жылға бекітілген бюджетпен** барлығы 10 043 206,1 мың теңге қаралып, нақтыланған бюджет 9 369 323,4 мың теңгеге бекітілген.

273 001 - «Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 183 015,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілде 125 қаулысы негізінде басқарамадағы қызметкерлердің жұмыстан шығуына байланысты 21,7 мың теңге және 360,0 мың теңге «Жоспарлау, қаржыландыру және т.б.» бағдарламасына қолжетімділікті, оқытуды, енгізуді, жаңартуды және сүйемелдеуді қамтамасыз ету бойынша қызметтері қаржысы бюджетке қайтарылған. Нақтыланған бюджет 182 633,3 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қазандағы 167 қаулысы негізінде қызметкерлердің іс сапарларына және еңбек ақыларының салықтарына 5 523,0 мың теңге бөлініп, "Даму бала" платформасының меншік иесімен ақысыз түрде келісім шартқа отыруына байланысты 3 000,0 мың теңге бюджетке қайтарылған. Жыл соңына нақтыланған бюджет 185 156,3 мың теңгеге бекітілген.

273 005 – «Мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 4 967 456,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілде 125 қаулысы негізінде «Анаға тағзым орталығы» еңбекке ақы төлеу 212,1 мың теңге және байланыс қызметтеріне ақы төлеу 2,6 мың теңге қаржысын бюджетке кері қайтарылған және Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндер аясындағы шараға 200 дана Қорқыт картинасын алуға 32 800,0 мың теңге және «Анаға тағзым орталығы» 1 штат бірлігін ұстап тұруға 1 415,1 мың теңге қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 5 001 456,4 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қазандағы 167 қаулысы негізінде «Мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бағдарламасы бойынша жоба аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмеден 240 000,0 мың теңге қаражат бюджетке қайтарылған. «Brendke bir qadam» және «Toyla! Family fest!» іс-шарасына 12 300,0 мың теңге, «Анаға тағзым орталығы» КММ-не конференц залға 20 дана микрофонға 5 958,0 мың теңге, қысқы автошина, 1С бағдарламасын сатып алуға, трансформатор тех қызмет көрсетуге 2 770,8 мың теңге, коммуналдық, күзет интернет қызметтеріне

8 175,6 мың теңге бөлінген және «Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюсерлік орталығына» халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының 250 жылдығына арналған байқауға 8 463,9 мың теңге, халық жазушысы Әбдіжамал Нұрпейсовтің 100 жылдығына арналған еске алу кеші - 15 526,1 мың теңге қаражат бөлінген.

Сонымен қатар, 25 қазан - ҚР күніне арналған мерекелік салтанат кеші - 8 555,4 мың теңге, 2024 жаңа жыл мерекесі шарасына - 6 410,0 мың теңге, жалпы 14 965,4 мың теңге «Қызылорда облыстық халық-шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы» 273005015 бағдарламасынан 273008015 бағдарламасына қайта бағытталған. Нақтыланған бюджет 4 799 685,4 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы 186 қаулысы негізінде қыстық дизельді жанар-май сатып алуға бөлінген 247,8 мың теңге, радиожүйе, кабельдер, төраға және делегат микрофон пульттері, терминал және басқару блогына бөлінген 5 558,0 мың теңге бағалардың өсіп кетуіне байланысты бюджетке қайтарылады, радиожүйе, кабельдер, төраға және делегат микрофон пульттері, терминал және басқару блогын орнату қызметіне бөлінген 400,0 мың теңге, өрт дабыл құрылғыларына техникалық қызмет көрсетуге бөілнген 300,0 мың теңге, трансформаторға техникалық қызмет көрсетуге бөлінген 488,4 мың теңге бюджетке қайтарылған, шығармашылық тапсырыс бағдарламалары бойынша өткен мәжіліс хаттамасына сәйкес жоба аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы қаржыландыру мемлекеттік шығармашылық тапсырыс қолдау мақсатында бөлінген қаржыдан, нәтижесінде өнім берушілерге қаржысын төлеу тоқтатылуына байланысты пайдаланылмаған 630 000,0 мың теңге бюджетке қайтарылады. Жыл соңына нақтыланған бюджет 4 162 691,2 мың теңгеге бекітілген.

273 007 – «Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 1 020 644,7 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілде 125 қаулысы негізінде байланыс қызметінен 1,2 мың теңге және 264,4 мың теңге «Жоспарлау, қаржыландыру және т.б.» бағдарламасына қолжетімділікті, оқытуды, енгізуді, жаңартуды және сүйемелдеуді қамтамасыз ету бойынша қызметтері қаржысын бюджетке кері қайтарылған. Нақтыланған бюджет 1 020 379,1 мың теңгені құрайды.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қазандағы 167 қаулысы негізінде двигатель УМЗ-42164 (бензин), жазғы шина (R16) 3 294,0 мың теңге алуға қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 1 023 673,1 мың теңгені құрайды.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы 186 қаулысы негізінде «Руханият жылы аясында облыс әкімінің қолдауымен және тапсырмасына сәйкес жасалған тарихи жәдігерлер – «Түгіскен көсемі!», «Жетіасар ақсүйек әйелі» және «Шірік – Рабат сақ жайынгері», «Сыганақ ханшайымы» алтын адамдар реконструкцияларынан 2024 жылдың 5-19 желтоқсан күндері Астана қаласындағы ҚР Ұлттық музейінде «Сыр өңірі –

Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрмесін ұйымдастыруға бөлінген 1 622,0 мың теңге бөлінген. Жыл соңына нақтыланған бюджет 1 025 295,1 мың теңгеге бекітілген.

273 008 – «Театр және музыка өнерін қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 1 867 050,4 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 28 мамырдағы 87 қаулысы негізінде Қызылорда облыстық филармониясының Астана қаласында ырыс пен құт, ырзық несібенің бастауы Алтын күз мерекесі, жыл сайын дәстүрге айналған Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізуге 5 087,0 мың теңге қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 1 872 137,4 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілде 125 қаулысы негізінде Қызылорда облыстық филармониясы өнер орталығы жанынан хореографиялық би ансамблін құруға 20 штаттық бірлікке 28 858,0 мың теңге және Әйтеке бидің 380 жылдығына орай облыстық филармонияның Өзбекстан Республикасы, Науан қаласына шығармашылық сапарын ұйымдастыруға 8 960,0 мың теңге қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 1 909 955,4 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қазандағы 167 қаулысы негізінде Қызылорда облыстық филармониясы жыраулар үйіне 3 штат бірлік ұстау шығындарына 1 717,0 мың теңге, Хор ұжымы 30 штат бірлік ұстау шығындарына 8 836,0 мың теңге, хор ұжымының концерттік костюдеріне 6 000,0 мың теңге, жылдың қорытындысымен Жаңа жыл мерекесін және Руханият жылының жабылу салтанатты шарасына 85 990,0 мың теңге, Төлеген Мұхамеджанов пен Нұржамал Үсенбаеваны шақыра отырып, шығармашылық концертін өткізуге 11 376,0 мың теңге бөлінген. 25 қазан - ҚР күніне арналған мерекелік салтанат кеші - 8 555,4 мың теңге, 2024 жаңа жыл мерекесі шарасына - 6 410,0 мың теңге, жалпы 14 965,4 мың теңге «Қызылорда облыстық халық-шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы» 273005015 бағдарламасынан 273008015 бағдарламасына қайта бағытталды. Қызылорда облыстық Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры Астана 2024 жылғы V дүниежүзілік көшпенділер ойындары іс шарасына 6 612,9 мың теңге қайта бағытталды. Нақтыланған бюджет 2 045 452,7 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы 186 қаулысы негізінде ҚР халық әртісі Айман Мұсоходжаеваның шығармашылық кешін өткізуге 12 112,0 мың теңге бөлінген және Қызылорда обылстық филармониясына 300 дана қабырғалық сурет сатып алуға бөлінген 48 000,0 мың теңге қаржы бюджетке қайтарылған. Жыл соңына нақтыланған бюджет 2 009 564,7 мың теңгеге бекітілген.

273 009 – «Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 429 205,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілде 125 қаулысы негізінде «Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы» КММ-нен 360,0 мың теңге және 299,0 мың

теңге «Әбділда Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ-нен «Жоспарлау, қаржыландыру және т.б.» бағдарламасына қолжетімділікті, оқытуды, енгізуді, жаңартуды және сүйемелдеуді қамтамасыз ету бойынша қызметтері қаржысын бюджетке кері қайтарылған. Нақтыланған бюджет 428 546,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қазандағы 167 қаулысы негізінде «Әбділда Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ-не коммуналдық қызметтеріне 5 063,0 мың теңге қаражат бөлінген. Мекемеге жүргізілген қаржылық есептілік аудиті нәтижесімен анықталған дебиторлық берешек 113,2 мың теңге бюджетке қайтарылған. Жыл соңына нақтыланған бюджет 433 495,8 мың теңгеге бекітілген.

273 010 – «Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 537 795,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілде 125 қаулысы негізінде 360,0 мың теңге «Жоспарлау, қаржыландыру және т.б.» бағдарламасына қолжетімділікті, оқытуды, енгізуді, жаңартуды және сүйемелдеуді қамтамасыз ету бойынша қызметтері қаржысын бюджетке кері қайтарылған. Нақтыланған бюджет 537 435,0 мың теңгені құрайды.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қазандағы 167 қаулысы негізінде коммуналдық қызметтеріне 7 612,0 мың теңге, ғимараттың сыртқы келбетін сырлап, сылауға және тозығы жеткен электро жүйелерін қайта жүргізу жұмыстарына құрылыс заттарын сатып алуға және су,кәріз, жылу жүйесін ауыстыру жұмыстарын жүргізуге 16 350,0 мың теңге қаражат бөлінген. Мекемеге жүргізілген қаржылық есептілік аудиті нәтижесімен анықталған дебиторлық берешек 36,4 мың теңгені құраған. Нақтыланған бюджет 561 360,6 мың теңгені құрайды.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы 186 қаулысы негізінде сатып алу жоспарына сәйкес жанар-жағар май сатып алу негіздемелік келісім бойынша 2 рет баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 2 рет бір көзден шақыру арқылы 1 рет жариялап, конкурс өтпеді деп танылуына байланысты 803,0 мың теңге қаржы бюджетке қайтарылған. Жыл соңына нақтыланған бюджет 560 557,6 мың теңгеге бекітілген.

273-032 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 556 212,0 мың теңге қаралып, облыс әкімдігінің 2024 жылғы 28 мамырдағы 87 қаулысы негізінде Өнер орталығының сахналық суперзанавесін алуға қаралған 22 400 мың теңге қаржыдан үнемделген 8 960,0 мың теңге қаржыны бюджетке қайтарылған. Нақтыланған бюджет 547 252,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілде 125 қаулысы негізінде Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау КММ қазақ билері (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би) ескерткішін тұғырымен сатып алуға 95 135,4 мың теңге бөлінген. Нақтыланған бюджет 642 387,4 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қазандағы 167 қаулысы негізінде Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау КММ қазақ билері (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би) ескерткішін тұғырымен сатып алуға бөлінген 95 135,4 мың теңге бюджетке қайтарылған. Жыл соңына нақтыланған бюджет 547 252,0 мың теңгеге бекітілген.

273 113 – «Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 481 828,0 мың теңге қаралып, Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 28 мамырдағы 87 қаулысы негізінде Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйіне, Т.Жүргенов ауылдық мәдениет үйіне және Шиелі ауданы, Шиелі кентінде орналасқан аудандық мәдени шығармашылық орталығының ғимаратына күрделі жөндеуге бөлінген 377 418,0 мың теңге қаржының 350 275,4 мың теңгесін Жалағаш ауданының Таң ауылында орналасқан Таң ауылдық мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыс жобасына бағыттауға 27 142,6 мың теңге бюджетке қайтарылған. Нақтыланған бюджет 454 685,4 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы 186 қаулысы негізінде Қызылорда облысы, Қызылорда қаласындағы С. Майканова атындағы мәдениет Үйінен инклюзивтік театрға бөлінген қаржыдан 1 760,0 мың теңге үнемделіп бюджетке қайтарылады және Жалағаш ауданы, Таң ауылдық мәдениет Үйіне жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарынан үнемделген 7 614,7 мың теңге үнемделіп бюджетке қайтарылады. Жыл соңына нақтыланған бюджет 445 310,7 мың теңгеге бекітілген.

2025 жылы бекітілген бюджетпен барлығы 10 265 254,0 мың теңге қаралып, нақтыланған бюджет 7 109 603,2 мың теңгеге бекітілген.

273 001 «Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 183 141,0 мың теңге қаралып, облыс әкімінің 2025 жылғы 15 мамырдағы №113 қаулысы негізінде 2025 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек бойынша 6,8 мың теңге қалыптасқан қаржы шегерілді. Бүгінгі күні нақтыланған бюджет 183 134,2 мың теңгеге бекітілген.

273 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет қаржысы 2 867,0 мың теңгені құраған.

273 005 «Мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 5 072 418,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімінің 2025 жылғы 20 ақпандағы №38 қаулысы негізінде «Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюсерлік орталығы» іс-шараларға бөлінген 44 230,6 мың теңгені 273 008 «Театр және музыка өнерін қолдау» бюджеттік бағдарламасына қайта бағыттау және 400 000,0 мың теңге мемлекеттік тапсырыс балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққанда қаржыландырудан үнемделген қаржыны бюджетке қайтарылған. Нақтыланған бюджет 4 628 187,4 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы №113 қаулысына сәйкес 2025 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек бойынша 6,3 мың теңгені бюджетке қайтару және 2 500 000,0 мың теңге мемлекеттік тапсырыс балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққанда қаржыландырудан үнемделген қаржыны бюджетке қайтарылған. Нақтыланған бюджет 2 128 181,1 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 10 шілдедегі №138 қаулысына сәйкес балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысқа бөлінген қаржының пайдаланылмаған 819 070,0 мың теңгені балаларға қосымша білім беруге арналған бірыңғай мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі пилоттық жобасын іске асыру мақсатында жоба әкімшісі ретінде облыстық білім басқармасы тағайындау туралы облыс әкімінің 2025 жылғы 13 маусымдағы №126 бұйрығына сәйкес білім басқармасына қайта бағытталған. Нақтыланған бюджет 1 309 111,1 мың теңгені құраған.

1-тармақ. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VII Бюджет Кодексінің 4-бабының 4-тармағының *«бюджет жобасына қандай да бір түсімдерді немесе шығыстарды енгізу қажеттілігін және олардың көлемдерінің негізділігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер мен басқа да құжаттар негізінде әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштеріне сәйкес бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын және мемлекеттің активтерін жоспарлау және пайдалану»* деп айқындалған негізділік қағидаты, осы Кодекстің 168-бабының 9-тармағының *«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын ұйымға нысаналы аударымға бағытталған бюджеттік бағдарлама бойынша бюджеттік **өтінімге есеп-қисаптар мен негіздемелерді** Қазақстан Республикасының Үкіметі мен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұсынады»* деген талаптары сақталмай, нәтижесінде Басқармамен АРТ спорт бойынша 2025 жылғы бюджеттік өтінімді жасау кезінде негіздеменің дұрыс ұсынылмауынан жалпы сомасы **2 900 000,0 мың теңге бюджетке кері қайтарылғандықтан, тиімсіз жоспарланғаны анықталды.**

273 007 «Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 1 057 518 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы №113 қаулысына сәйкес 2025 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек бойынша 140,1 мың теңгені бюджетке қайтару. Қызылорда облысының Астана болғанына 100 жыл толуына орай Өскемен қаласында өтетін Қызылорда облысының өнер күндері аясында жылжымалы көрме ұйымдастыруға – 4 590,7 мың теңге, Қызылорда қаласының Қазақ автономиялы Республикасының алғашқы астанасы болғанына 100 жыл толуына орай А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, М.Дулатов тұлғаларының гиперреалистік сұлбасын жасауға – 30 000,0 мың теңге,Наги Ильясов ауылындағы қоғамдық

музейдің 5 штаттық бірлікті ұстап тұру шығындарына – 23 000,0 мың теңге бюджеттен бөлінген. Нақтыланған бюджет 1 114 968,6 мың теңгені құраған.

273 008 «Театр және музыка өнерін қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 2 496 780,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімінің 2025 жылғы 20 ақпандағы №38 қаулысы негізінде «Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюсерлік орталығы» іс-шараларға бөлінген 44 230,6 мың теңгені қайта бағыттауға және 334 796,6 мың теңгеге «Өнер орталығы» ғимаратына көрермендер залының қабырғаларын және төбесіне арнайы акустикалық панельдермен қаптауға қаржы бөлінген. Нақтыланған бюджет 2 875 807,2 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы №113 қаулысына сәйкес, Финляндия, Испания, Эстония мемлекеттеріне Қызылорда облысының өнер күндерін өткізуге - 75 670,0 мың теңге, Қызылорда облысының Астана болғанына 100 жыл толуына орай Өскемен қаласында өтетін Қызылорда облысының өнер күндерін ұйымдастыруға – 87 613,2 мың теңге, Байқоңыр ғарыш айлағының 70 жылдығына орай Қызылорда облыстық филармониясы өнерпаздарының концертін ұйымдастыруға – 5 100,0 мың теңге, мемлекеттік және ұлттық мерекелер:

- 30 тамыз – Конституция күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыруға – 1 303,0 мың теңге;

- 25 қазан – Республика күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыруға – 1 669,0 мың теңге.

Нақтыланған бюджет 3 047 162,4 мың теңгені құраған.

273 009 «Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету » бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 540 236,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы №113 қаулысына сәйкес 2025 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек бойынша 46,0 мың теңгені бюджетке қайтару. Нақтыланған бюджет 540 190,0 мың теңгені құраған.

273 010 «Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету » бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет 646 418,0 мың теңгені құраған.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы №113 қаулысына сәйкес 2025 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек бойынша 124,1 мың теңгені бюджетке қайтару. Нақтыланған бюджет 646 293,9 мың теңгені құраған.

273 032 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет қаржысы 100 154,0 мың теңгені құраған.

273 113 «Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер » бағдарламасы бойынша бекітілген бюджет қаржысы 165 722,0 мың теңгені құраған.

Жалғанды: дәлелдеме құжаттар 2025 жылдың бюджеттік өтінімдері бетте

Мәнділік -*мемлекеттік аудит объектісі қаржы және шаруашылық операцияларды жасаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқуы, сондай-ақ қабылданатын шешімдерге әсер ететін, барынша жол берілетін мөлшері Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын өзге де қателер мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшеліктері және көрсеткіштер санаттары.*

Маңыздылық деңгейі 2%.

2.Есеп беретін тұлғалармен, банктік және есеп айырысу операцияларының, еңбекақы төлеу, бойынша есеп айырысуларына аудиті:

- Мемлекеттік мекемедегі үлгі штаттарының сақталуы, қызметкерлер мен жұмысшылармен есеп айырысу дұрыстығы. Оның ішінде лауазымдық айлықақылар, жалақыға үстемеақылар мен қосымша төлемдерді белгілеудің дұрыстығы және бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру жоспарында әкімшілік шығыстарға көзделген қаражат шегінде сыйлықақы берудің негізділігі;

Аудитпен қамтылған кезеңде Басқарманың мемлекеттік қызметкерлеріне еңбекақы есептеп, төлеуде Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2017 жылғы 16 қазандағы №646қбп «Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы» қаулысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №939 «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге пилоттық режимде еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» қаулысының *(бұдан әрі- №939 қаулы)*, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №451 қбп «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілерге еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» қаулылары басшылыққа алынып төлемдер жүргізілсе, ал мекеменің техникалық қызметкерлеріне еңбекақы есептеу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» бұйрығы, сондай-ақ сыйақы, жәрдемақы және еңбекке уақытша жарамсыздығын есептеп төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1103 «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерлерін айқындау туралы» қаулысының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптары басшылыққа алынып, төлемдер жүргізілген.

Басқарманың қызметкерлері мен техникалық персоналының еңбегіне ақы төлеу, сондай - ақ өтемақы сипатындағы шығыстар бұзушылық анықталмады.

2023 жылы барлығы 24-бірлікті мемлекеттік қызметкерлер құраған. Оның ішінде: *1- бірлік басшысы, 3-бірлік басшының орынбасарлары, 9- бірлік бөлім басшылары, 11-бірлік бас мамандар.*

2024 жылдың бастап 31.07.2025 жылы барлығы 16 бірлікті мемлекеттік қызметшілер құраған. Оның ішінде: *1- бірлік басшысы, 2-бірлік басшының орынбасарлары, 5- бірлік бөлім басшылары, 8-бірлік бас мамандар.*

2023 жылы жылдық еңбекақы қоры – жергілікті бюджет есебінен 128 109,0 мың теңгені құраған.

2024 жылы жылдық еңбекақы қоры – жергілікті бюджет есебінен 89 696,5 мың теңгені құраған.

31.07.2025 жылы жылдық еңбекақы қоры – жергілікті бюджет есебінен 52 154,2 мың теңгені құраған.

Қызметкерлерге сыйлықақы беру және лауазымдық жалақыға үстемеақылар белгілеу басқарма басшысының бұйрықтары негізінде жүргізілген.

2023 жылы - жалпы сомасы 36 819,0 мың теңге құраған.

2024 жылы - жалпы сомасы 32 805,0 мың теңге құраған.

31.07.2025 жылы - жалпы сомасы 15 939,7 мың теңге құраған.

Техникалық қызметкерлердің штаттық кестесі 2023-31.07.2025 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №1002 «Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерін бекіту» туралы бұйрығы *(бұдан әрі- №1002 бұйрық)*, басшылыққа алынып бекітілген. Атап айтқанда:

2023 жылы барлығы 18-бірлікті штаттан тыс қызметкерлер құраған.

Атап айтқанда: 1-бірлік инспектор іс жүргізуші, 8-бірлік статистик, 9-бірлік әдіскер.

2024 жылы барлығы 8-бірлікті штаттан тыс қызметкерлер құраған.

Атап айтқанда: 1-бірлік инспектор іс жүргізуші, 7-бірлік статистик.

31.07.2025 жылы 7-бірлікті штаттан тыс қызметкерлер құраған. Атап айтқанда: 1-бірлік инспектор іс жүргізуші, 4-бірлік статистик, 2-бірлік әдіскер.

2023 жылы жылдық еңбекақы қоры – 34 899,0 мың теңгені құраған.

2024 жылы жылдық еңбекақы қоры – 19 056,9 мың теңгені құраған.

31.07.2025 жылы жылдық еңбекақы қоры – 10 019,6 мың теңгені құраған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 20 тармағына сәйкес «Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері штат санының лимиттері ұлғайтылған кезде Қағидалардың 2-16-

қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың есептеулерін қосымша ұсынады».

«11 және 12-қосымшалар сондай-ақ 131 "Техникалық персоналға еңбекақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге қолданылады. Осы есептелерді жасаған кезде № 1193 қаулыны басшылыққа алған жөн.» делінген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы *(бұдан-әрі – 1193 Қаулысы)* 18 қосымшасына сәйкес экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін қосымша ақы лауазымдық айлықақыдан 30 % деп көзделген.

Алайда, аудит барысында 2024-2025 жылдары штаттан тыс қызметкерлердің штаттық кестеге сәйкес экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін қосымша ақы есептеу кезінде ерекше еңбек жағдайлары үшін үстемеақы лауазымдық айлықақыдан -дан 10 % ды **лауазымдық ақыға** қосу арқылы *(ЛА * ерекше еңбек жағдайлары үшін үстемеақы 10%=ЛА* экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін қосымша ақы 30%)* лауазымдық айлықақыдан 30 % - ды артық есептеліп шығарылған.

	Бюджеттік өнімге сәйкес 30 пайыз								Аудит бойынша				
	Бөлімнің атауы	**санаты**	**коэффициенті**	**Базалық жалақы**	**Ставкалық айлық жалақы**	**2024 жылғы айлық жжалақының көтерілгені**	**Қосымша 10% үстемақы**	**30% экология**	**Ставкалық айлық жалақы**	**2024 жылғы айлық жжалақының көтерілгені**	**Қосымша 10% үстемақы**	**30% экология**	**Айырма 12 айы бойынша**
1	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалар мен жұмыс бөлімінің статистик	С-2	4,61	17 697	81 583	57 924	13 951	46 037	81 583	57 924	13 951	41 852	50 223
2	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалар мен жұмыс бөлімінің статистик	С-2 *	4,51	17 697	79 813	56 668	13 648	45 039	79 813	56 668	13 648	40 944	49 133
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл және ақпараттық мониторинг бөлімі статистик	С-2	4,61	17 697	81 583	57 924	13 951	46 037	81 583	57 924	13 951	41 852	50 223
4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл және ақпараттық мониторинг бөлімі статистик	С-2	4,46	17 697	78 929	56 039	13 497	44 539	78 929	56 039	13 497	40 490	48 588
5	Тарихи-мәдени мұра және креативті индустрия бөлімі статистик	С-2	4,51	17 697	79 813	56 668	13 648	45 039	79 813	56 668	13 648	40 944	49 133
6	Архивтер және құжаттама бөлімі статистик	С-2	4,61	17 697	81 583	57 924	13 951	46 037	81 583	57 924	13 951	41 852	50 223

7	Өнер және мәдени - көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімі статистик	С-2	4,43	17 697	78 398	55 662	13 406	44 240	78 398	55 662	13 406	40 218	48 261
8	Іс қағаздар жүргізу жөніндегі инспектор	С-2	4,43	17 697	78 398	55 662	13 406	44 240	78 398	55 662	13 406	40 218	48 261
Жиынтығы													**394 046**
	Бөлімнің атауы	**санаты**	**коэффициенті**	**Базалық жалақы**	**Ставкалық айлық жалақы**	**2025 жылғы айлық жалақының көтерілгені**	**Қосымша 10% үстемақы**	**30% экология**	**Ставкалық айлық жалақы**	**2025 жылғы айлық жалақының көтерілгені**	**Қосымша 10% үстемақы**	**30% экология**	**айырма 12 айы бойынша**
1	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалар мен жұмыс бөлімінің статистик	С-2	4,61	17 697	81 583	81 583	16 317	53 845	81 583	81 583	16 317	48 950	58 740
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл және ақпараттық мониторинг бөлімі статистик	С-2	4,51	17 697	79 813	79 813	15 963	52 677	79 813	79 813	15 963	47 888	57 466
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл және ақпараттық мониторинг бөлімі статистик	С-2	4,61	17 697	81 583	81 583	16 317	53 845	81 583	81 583	16 317	48 950	58 740
4	Тарихи-мәдени мұра және креативті индустрия бөлімі	С-2	4,46	17 697	78 929	78 929	15 786	52 093	78 929	78 929	15 786	47 357	56 829
5	Архивтер және құжаттама бөлімі статистик	С-2	4,51	17 697	79 813	79 813	15 963	52 677	79 813	79 813	15 963	47 888	57 466
6	Өнер және мәдени - көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімі статистик	С-2	4,61	17 697	81 583	81 583	16 317	53 845	81 583	81 583	16 317	48 950	58 740
7	Іс қағаздар жүргізу жөніндегі инспектор	С-2	4,43	17 697	78 398	78 398	15 680	51 742	78 398	78 398	15 680	47 039	56 446
Жиынтығы													**404 426**
Барлығы													**798 472**

2-тармақ. Басқарма тарапынан, №1193 Қаулысының 18 қосымшасының талабын сақтамай, 2024 жылы 8 бірлік штаттан тыс қызметкерлерге жалпы сомасы 394,1 мың теңгеге және 2025 жылы 7 бірлік штаттан тыс тыс қызметкерлерге жалпы сомасы 404,4 мың.теңгеге, **барлығы 798,5 мың.теңгеге** артық жоспарлағандығы анықталды.

дәлелді құжаттар: (2024-2025 жылғы басқарманың штаттық кестелері -_____бетте).

Аудитпен Басқарма қызметкерлеріне (мемлекеттік және азаматтық қызметшілерге) жыл сайынғы еңбек демалыстарын беру мен сауықтыру жәрдемақылары мен еңбек демалысы үшін төлемдерді дұрыс есептеу мәселесі қаралды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің (бұдан әрі – №414-V Еңбек кодексі) 87-бабының 3-тармағына сәйкес, 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416 Қазақстан

Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 54-бабының 1-тармағына (бұдан әрі – № 416 Заңы), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы №1468-XII (бұдан әрі – №1468 Заңы) Заңының 13-бабы 1-тармағының 3), 4) тармақшаларына сәйкес, Басқармамен мемлекеттік қызметшілерге – 30 күнтізбелік күн, азаматтық қызметшілерге – 24 күнтізбелік күн көлемінде жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы, сондай-ақ барлық қызметкерлерге қосымша 9 күнтізбелік күн ақылы демалыс және тиісті төлемдер (сауықтыруға арналған жәрдемақы, еңбек демалысы үшін төлем) көзделген.

Алайда, Басқарма тарапынан өндірістік қажеттілікке байланысты қызметкерлерді еңбек демалысынан тұрақты түрде кері шақыру тәжірибесі қолданылып келе жатқаны анықталды. Қызметкерлерді кері шақыру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 95-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады. Алайда барлық бұйрықтарда өндірістік қажеттілік туралы қызметтік жазбалар қоса тіркелмегені анықталды.

Сонымен қатар, №414-V Еңбек кодексінің 95-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес, «Кері шақыртып алуға байланысты жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша ағымдағы жұмыс жылы ішінде немесе келесі жұмыс жылында кез келген уақытта беріледі не келесі жұмыс жылының жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына қосылады», «Жұмыскерді жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысынан кері шақыртып алған кезде демалыстың пайдаланылмаған бөлігін басқа уақытта берудің орнына, жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша жұмыскерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігінің күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі» деген.

№414-V Еңбек кодексінің 115-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, «осы Кодекстің 95-бабының 3-тармағын қоспағанда, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын ауыстыру немесе жұмыскерді одан кері шақыртып алу жағдайларында» деген.

Аудитпен анықталғандай, еңбек демалысынан кері шақырылған қызметкерлерден пайдаланылмаған демалыс күндері үшін жалақысынан ұстап қалу Басқармамен жүзеге асырылмаған. Қызметкерлер пайдаланылмаған демалыс күндерін жыл ішінде алмаған, сондай-ақ демалыс күндеріне өтемақы төлеу туралы өтініштері де болмаған.

3 тармақ. Осылайша, №414-V Еңбек кодексінің 115-бабының 2-тармағының 4) тармақшасының талаптарына қайшы түрде, Басқармамен еңбек демалысынан кері шақырылған қызметкерлердің жалақысынан тиісті сомада ұстап қалу жүргізілмегендіктен, 2023–2024 жылдар аралығында қызметкерлердің басқарма алдындағы берешек сомасы **3 819,9 мың теңгені** құрайды, оның ішінде: *(2023 жыл – 3 498,3 мың теңге, 2024 жыл – 321,6 мың теңге).*

дәлелді құжаттар: (2023-2024 жылғы басқарманың еңбек демалысының бұйрықтары, есептелу кестесі____бетте).

- Жауапты тұлғалармен есеп айырысу дұрыстығы;

Аудитпен қамтылған кезеңде Басқарманың іс-сапар шығындары бойынша қаражат төлеуде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қаулысы (бұдан әрі - №1428 Қаулы) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» №256 Қаулысы (бұдан әрі - №256 Қаулы) басшылыққа алына отырып,

2023 жылы

136 ерекшелігі сомасы 510,0 мың теңге

161 ерекшелігі сомасы 6 307,3 мың теңге.

162 ерекшелігі сомасы 910,0 мың теңге.

2024 жылы

136 ерекшелігі сомасы 1 052,0 мың теңге

161 ерекшелігі сомасы 6 876,0 мың теңге.

162 ерекшелігі сомасы 384,0 мың теңге.

31.07.2024 жылы

136 ерекшелігі сомасы 47,2 мың теңге

161 ерекшелігі сомасы 3 365,1 мың теңге.

162 ерекшелігі сомасы 1 068,9 мың теңге.

Аудит жүргізу барысында, Мемлекеттік комиссия қызметкерлернің іссапар шығыстарын өтеу заңдылығы қаралып, нәтижесінде төмендегі кемшіліктер анықталды.

2024 жылы 6 қыркүйек №71 Басқарма басшысының бұйрығына сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы Ж.К.Ебелекованы 08 -13 қыркүйек айы аралығында Астана қаласына іссапарға жіберілген.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы Ж.К.Ебелекованың 2024 жылдың 24 ақпандағы №6 аванстық есебіне сәйкес 4-тәулікақы 7364 теңге, пәтерақы 2-тәулік 15728 теңге, Теміржол көлігі (06.09-08.09.2024ж Қызылорда-Нур-султан), Әуе көлігі (13.09.2024 ж Астана-Қызылорда) 43279 теңге *(Теміржол көлігі бағасы 15758 теңге, әуе көлігінің бағасы 27521 теңге)* көрсетілген.

Алайда, 2024 жылы 6 қыркүйек №71 Басқарма басшысының бұйрығында іссапар шығатын бағыттары бойынша әуе көлігі көзделмеген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.05.2018 жылғы №256 Қаулысының *(Бұдан әрі- №256 Қаулысы)* 3 тармағына сәйкес іссапарда болатын жерге және тұрақты жұмыс орнына кері қарай жол жүру бойынша *(іссапарға жіберілген тұлғаға әкімшілік тиісті қозғалыс құралын ұсынатын жағдайлардан басқа)* көрсетілген жол жүру құжаттарының *(жол жүру билеті мен отырғызу талонының, автобуспен жол жүрген кезде тек жол жүру билетінің)* негізінде:

ерекше жағдайларда (Қазақстан Республикасынан тыс жерге іссапарға жіберілген жағдайда, транзитпен жүріп өткен, аталған көлік құралдары болмаған немесе іссапар шұғыл болған кезде) орталық мемлекеттік органның аппарат басшысының, ал мұндай болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығына (өкіміне) сәйкес теміржол көлігімен жол жүрген кезде шығыстарды жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолы екі орындық купе (ҰВ) тарифтері бойынша және әуе көлігімен экономикалық класс авиабилетінің құны бойынша өтеуге жол беріледі. Бұл ретте **теміржол көлігі билетінің құны авиабилет құнынан асып кететін болса, іссапарға әуе көлігімен жіберуге жол беріледі**;

мемлекеттік органның басшысына, мемлекеттік орган басшысының бірінші орынбасары мен орынбасарларына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға теңестірілген тұлғаларға – мемлекеттік мекеме басшысына әуе көлігімен жол жүрген кезде экономикалық класс авиабилетінің құны бойынша; деп көзделген.

4-тармақ. Яғни, Басқарма тарапынан, №256 Қаулысының 3 тармағының талабы сақталмай, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы Ж.К.Ебелековаға Теміржол көлігі бағасы 15758 теңге төмен болғанымен, әуе көлігінің бағасы 27521 теңге болсада, жалпы сомасы **11,7 мың теңгеге артық** төленгені анықталды.

№256 Қаулысының 2-1 тармағына сәйкес *«Мемлекеттік органдар қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарларға арналған шығыстарды өтеудің ішкі тәртібін өз қызметінің ерекешелігін ескере отырып осы Қағидаларда көзделген нормаларға сәйкес дербес әзірлеуі және бекітуі»*, Басқарма басшы Р.Рүстемовтың 2022 жылдың 05 шілдедегі **№03-08/101** «Бюджет қаражаты есебінен ҚР-ның шегіндегі қызметтік іс-сапарлардағы тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды өтеудің ішкі тәртібін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **басшылармен орынбасарларына** «тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу нормасы Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің **он еселенген мөлшерінен**, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда **айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген** мөлшерінен және аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалаларда және Ақмола облысы Бурабай ауданының Бурабай кентінде айлық есептік көрсеткіштің **төрт еселенген** мөлшерінен аспауға тиіс және **қызметкерлері** үшін «тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу нормасы Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында - тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің **жеті еселенген мөлшерінен**, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда – айлық есептік көрсеткіштің **бес еселенген мөлшерінен**, аудан орталықтарында, аудандық маңызы бар қалаларда және Ақмола облысы Бурабай ауданының Бурабай кентінде – айлық есептік көрсеткіштің **үш еселенген мөлшерінен** және ауылдық округтерде айлық есептік көрсеткіштің **бір еселенген мөлшерінен**

аспауға тиіс» деп, қызметтік іссапарлардағы үй-жалдау бойынша өтеудің ішкі тәртібі бекітілген.

2025 жылы 20 ақпандағы №17 Басқарма басшысының бұйрығына сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы Ж.К.Ебелекованы 20-21 ақпан айы аралығында Қармақшы ауданына іссапарға жіберілген.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы Ж.К.Ебелекованың 2025 жылдың 24 ақпандағы №6 аванстық есебіне сәйкес 1-тәулікақы 7864 теңге, пәтерақы 1-тәулік 15728 теңге **4 еселенген мөлшері** көрсетілген.

Сонымен қатар, Негізгі қызметтерді үйлестіру және мониторинг бөлімінің басшысы Г.Садуакасованы 20-21 ақпан айы аралығында Қармақшы ауданына іссапарға жіберілген.

2025 жылдың 24 ақпандағы №7 аванстық есебіне сәйкес 1-тәулікақы 7864 теңге, пәтерақы 1-тәулік 15728 теңге **4 еселенген** мөлшері көрсетілген.

2025 жылы 15 қаңтардағы №2 Басқарма басшысының бұйрығына сәйкес Архивтер және құжаттама бөлімінң басшысы Н.Абильдиеваны 15-16 қаңтар айы аралығында Жаңақоған ауданына іссапарға жіберілген.

Архивтер және құжаттама бөлімінң басшысы Н.Абильдиеваның 2025 жылдың 20 қаңтардағы №1 аванстық есебіне сәйкес 1-тәулікақы 7864 теңге, пәтерақы 1-тәулік 15728 теңге **4 еселенген** мөлшері көрсетілген.

5-тармақ. Яғни, Басқарма тарапынан, №256 Қаулысының 2-1 тармағына сәйкес 2022 жылдың 05 шілдедегі Басқарма басшы Р.Рүстемовтың **№03-08/101** «Бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іс-сапарлардағы тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды өтеудің ішкі тәртібін бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес **қызметкерлері** үшін аудан орталықтарында, аудандық маңызы бар қалаларда және Ақмола облысы Бурабай ауданының Бурабай кентінде – айлық есептік көрсеткіштің **үш еселенген мөлшерінен** аспауға тиіс деген талабы сақталмай, Негізгі қызметтерді үйлестіру және мониторинг бөлімінің басшысы Г.Садуакасоваға 3,9 мың.теңге, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы Ж.К.Ебелековаға 3,9 мың.теңге, Архивтер және құжаттама бөлімінң басшысы Н.Абильдиеваға 3,9 мың.теңге, барлығы **11,8 мың теңге артық аударылғандығы** анықталды.

2024 жылы 17 қыркүйектегі №78 Басқарма басшысының бұйрығына сәйкес басқарма басшысы **М.Қазбекова** 2024 жылдың 19-22 қыркүйек айы аралығында Алматы қаласына «Алматы қаласында өтетінҚызылорда облысының Өнер күндері Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Сыр өңірі-Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты жылжымалы көрмесі, «Сұлу Сырдан – Ару Алматыға» атты өнер шеберлерінің Гала концертіне» баруға іссапарға жіберілген.

№256 Қаулысының 3 тармағының 3)-тармақшасына сәйкес *«мемлекеттік органның **басшысына**, мемлекеттік орган басшысының бірінші орынбасары мен орынбасарларына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға теңестірілген тұлғаларға, Конституциялық Соттың судьяларына, орталық*

мемлекеттік органның аппарат басшысына, ал мұндай болмаған жағдайда – ***мемлекеттік мекеме басшысына әуе көлігімен*** жол жүрген кезде **экономикалық класс** авиабилетінің құны бойынша» деп көзделген.

Алайда, Басқарма басшысы М.Қазбекованың 2024 жылдың 24 қыркүйектегі №62 аванстық есебіне сәйкес 3-тәулікақы, 3-тәулік пәтерақы көрсетілген, аванстық есептін жалғамасында 2024 жылдың 19 қыркүйектегі **Бизнес класс** Қызылорда – Алматы, 22 қыркүйектегі Алматы-Қызылорда әуе көлігінің билеттері тапсырылған.

Сонымен қатар, 2024 жылы 17 қыркүйектегі №77 Басқарма басшысының бұйрығына сәйкес тарихи-мәдени мұра және креативті индустрия бөлімінің басшысы **Ж.Нуржакипова** 2024 жылдың 18-22 қыркүйек айы аралығында Алматы қаласына «Алматы қаласында өтетінҚызылорда облысының Өнер күндері Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Сыр өңірі-Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты жылжымалы көрмесі, «Сұлу Сырдан – Ару Алматыға» атты өнер шеберлерінің Гала концертіне» баруға іссапарға жіберілген.

Тарихи-мәдени мұра және креативті индустрия бөлімінің басшысы Ж.Нуржакипованың 2024 жылдың 24 қыркүйектегі №62 аванстық есебіне сәйкес 3-тәулікақы, 3-тәулік пәтерақы көрсетілген, аванстық есептін жалғамасында 2024 жылдың 18 наурызындағы **эконом класс** Қызылорда – Алматы билет құны 48 892 теңге, 22 наурызындағы Алматы-Қызылорда билет құны 31549 теңге**, жалпы сомасы 80441 теңге** әуе көлігінің билеттері тапсырылған.

6-Тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.05.2018 жылғы №256 Қаулысының 3 тармағының 3)-тармақшасының талабы сақталмай, Басқарма басшысы **М.Қазбековаға** эконом класс көзделгенімен, негізсіз бизнес класс әуе көлігінің қаражаты төленіп, жалпы сомасы **35,6 мың теңге** артық төленген.

2023 жылы 02 мамырдағы №51 Басқарма басшысының бұйрығына сәйкес басқарма басшысының орынбасары Қ.Жанұзақовты 2023 жылдың 5-8 мамыр айы аралығында Алматы қаласына іссапарға жіберілген.

Басшысының орынбасары Қ.Жанұзақовтың 2023 жылдың 10 мамырдағы №762 аванстық есебіне сәйкес 3-тәулікақы, 3-тәулік пәтерақы көрсетілген, аванстық есептін жалғамасында 2023 жылдың 05 мамырдағы Қызылорда – Алматы әуе көлігінің *(05.05.2023ж Қызылорда қаласынан кету уақытты 11:15, Алматы қаласына жету уақытты сағат 13:50)*, Теміржол көлігі *(07.05.2023ж Алматы қаласынан кету уақытты сағат 23:46, 08.05.2023ж. Қызылорда қаласына жету уақытты сағат 16:40)* билеттері тапсырылған.

Алайда, басқарма басшысының орынбасары Қ.Жанұзақовқа 1 тәулік пәтерақы сомасы 34,5 мың теңге артық төленген, себебі, Теміржол (07.05.2023ж Алматы қаласынан кету уақытты сағат 23:46, 08.05.2023ж. Қызылорда қаласына жету уақытты сағат 16:40) көлігімен жүргені анықталды.

18.10.2023 жылғы №131 Басқарма басшысының бұйрығына сәйкес басқарма басшысының орынбасары С.А.Жуматовты 2023 жылдың 18-21 қазан айы аралығында Астана қаласына іссапарға жіберілген, сонымен қатар,

20.10.2023 жылғы №134 бұйрығымен 2023 жылдың 22 қазанға дейін ұзартылған.

Басшысының орынбасары С.А.Жуматовтың 09.11.2023 жылдың №1200 аванстық есебіне сәйкес 4-тәулікақы, 2-тәулік пәтерақы көрсетілген, аванстық есептін жалғамасында Әуе көлігімен *(Қызылода қаласынан кету уақытты 18.10.2023ж сағат 23:10, Нурсултан қаласына жету уақытты сағат 01:55 - 19.10.2023)*, Теміржол көлігімен *(20.10.2023ж Нурсултаннан-кету уақытты сағат 23:10, , Қызылордаға келу уақытты сағат 06:47, 22.10.2023ж).*

Алайда, басқарма басшысының орынбасары С.А.Жуматовқа 1 тәулік пәтерақы сомасы 34,5 мың теңге артық төленген, себебі, *(Қызылода қаласынан кету уақытты 18.10.2023ж сағат 23:10, Нурсултан қаласына жету уақытты сағат 01:55 - **19.10.2023**)*, Теміржол көлігімен *(**20.10.2023ж** Нурсултаннан-кету уақытты сағат 23:10, , Қызылордаға келу уақытты сағат 06:47, **22.10.2023ж**)* жүргені анықталды.

7-тармақ. Яғни, Басқарма тарапынан, №256 Қаулысының 3 тармағына 2 тармақшасының талабы сақталмай, 2023 жылы басқарма басшысының орынбасары Қ.Жанұзаковқа 1 тәулік пәтерақы сомасы 34,5 мың теңге, басқарма басшысының орынбасары С.Жуматовқа 1 тәулік пәтерақы сомасы 34,5 мың теңге, жалпы сомасы **69,0 мың.теңге артық** төленгені анықталды.

Іссапар шығындары бойынша дәлелді құжаттар: (2023-2025 жылғы басқарманың бұйрықтары, аванстық есептері ____ - бетте).

3. Бухгалтерлік есеп және есептілік жай-күйінің және материалдық құндылықтардың сақталуы мен дұрыс пайдалануына аудиті:

- материалдық құндылықтарды есепке алу, сақтау және есептен шығару жөніндегі негізгі ережелерді сақтау, материалдық-жауапты тұлғалардың жұмысын бақылауды ұйымдастыру, материалдық құндылықтардың нақты болуы;

- негізгі құралдарды есепке алу бойынша кірістің уақтылығы мен дұрыстығы;

- негізгі құралдардың тозуы мен амортизациясын есептеудің, есептен шығарудың және жоюдың қолданыстағы тәртібін сақтау;

- активтерді, материалдық қорларды түгендеуді жүргізу.

Бухгалтерлік есеп бойынша 2023 жылға ұзақ мерзімді активтердің баланстық құны 248 441,6 мың теңге, 2024 жылға 3 560,0 мың теңге, 2025 жылғы 30 маусымға 6 160,5 мың теңге құраған.

Сатып алынған ұзақ мерзімді активтер мен қорлар бухгалтерлік есепте толығымен ескеріліп, қаржылық есептілікте көрініс тапқан.

Сатып алынған ұзақ мерзімді активтердің амортизациясын есептеу айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап жүргізілген.

Анықтама: активтің амортизацияланатын құнын оны пайдалы пайдалану мерзімі ішінде жүйелі бөлу үшін №393 Қағидаларға 1-қосымшада бекітілген Мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері бойынша тозудың жылдық нормаларына сәйкес тозуды біркелкі есептеу әдісі қолданылған.

Ұзақ мерзімді активтерді есепке алуды ұйымдастыру және олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету үшін әрбір объектіге (затқа) түгендеу нөмірі берілген. Талдамалық есепке алу 1С бағдарламасының түгендеу карточкасында жүргізілген.

Қорларды есепке алу материалдардың атаулары және жауапты тұлғалар бойынша сандық және сомалық мәнде жүргізілген. Қоймадан материалдар беру басшы бекіткен құжаттар (Нысандар альбомының 410 нысанындағы мемлекеттік мекеменің мұқтаждарына материалдар беру ведомосы) бойынша жүргізілген.

Материалдарды алғанын растайтын құжаттарда материалдарды алған адамдардың қолы қойылған. Материалдар шығысы бойынша операцияларды есепке алу Нысандар альбомының 396-нысанындағы материалдар шығысы бойынша жинақтау ведомосінде жүргізіледі (мемориалдық ордер 13). Баланстан есептен шығарылатын қорлардың өзіндік құнын бағалау үшін ФИФО әдісі қолданылады: бірінші түсім - бірінші демалыс. Мемлекеттік комиссияның мұқтажы үшін пайдаланылған материалдарды есептен шығару басшы бекіткен актілер негізінде жүргізілген. Қорлардың сақталуын және дұрыс есептелуін қамтамасыз ету мақсатында тиісті қойма есебі ұйымдастырылған.

Жыл сайын ұзақ мерзімді активтер мен қорларға түгендеу жүргізілген *(18.10.2023 жылғы №887, 14.11.2024жылғы №69 бұйрықтар)*, олардың қорытындысы бойынша жетіспеушілік пен артықшылық белгіленбеген.

2023 жылы.

Бастапқы құны бойынша шығулар 2 054 484,3 мың теңгеге жүргізілген.

Есепті кезеңде «Негізгі құралдарды баланстан есептен шығару туралы» Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2023 жылғы 17 сәуірдегі №01-17-271 бұйрығына сәйкес бастапқы құны бойынша барлығы 1 676 990,5 мың теңгенің негізгі құралдарын «Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы ЖШС-нің теңгеріміне есептен өтеусіз шығарылған, оның ішінде:

2320 « Ғимараттар» шоты бойынша – 1 373 663,6 мың теңге;

2350 «Көлік құралдары» шоты бойынша 5 083,0 мың теңге;

2360 «Машиналар мен жабдықтар» шоты бойынша 134 967,1 мың теңге;

2370 «Құралдар, өндірістік, шаруашылық мүкәммал» шоты бойынша 152 274,1 мың теңге;

Мемлекеттік мекеменің теңгеріміндегі 2360 «Машиналар мен жабдықтар» шоты бойынша 11 002,7 мың теңгенің негізгі құралдардың тозуына байланысты есептен шығарылды.

2024 жылы.

Есепті кезеңде бастапқы құны бойынша барлығы 309 147,1 мың теңге шығарылған:

Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 17 желтоқсандағы №01-17-738 бұйрығы негізінде облыстық коммуналдық мүлік деңгейінен «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен Қызылорда қаласының коммуналдық мүлік деңгейіне Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары

бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне Қызылорда қаласы Баймұрат Батыр ауылы, Тасымов Насреддин көшесі 20А мекен жайында алаңы 0,3850 гектар жер телімінде орналасқан ғимаратты және негізгі құралдарды құны 301 666,0 мың теңге өтеусіз есептен шығарылған.

2320 « Ғимараттар» шоты бойынша – 279 555,8 мың теңге;

2360 «Машиналар мен жабдықтар» шоты бойынша 15 165,2 мың теңге;

2370 «Құралдар, өндірістік, шаруашылық мүкәммал» шоты бойынша 6 945,0 мың теңге

Мемлекеттік мекеменің теңгеріміндегі 7 481,1 мың теңгенің негізгі құралдардың тозуына байланысты есептен шығарылды.

2025 жылғы 30 маусымға.

Бастапқы құны бойынша шығулар жүргізілмеген.

Мемлекеттік комиссиясындағы тауар-материалдық құндылықтардың нақты болуын анықтау бойынша жоспардан тыс түгендеу жүргізу үшін 11.08.2025 жылғы №33 бұйрықпен 4 адамнан тұратын комиссия құрылды *(комиссия төрағасы Ғ.Байсынова басқарма басшысының орынбасары – комиссия мүшелері: Ж.Ебелекова – мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің басшысы, Қ.Жүсіпова – өнер және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің басшысы, комиисия хатшысы - Ә.Игісін - мемлекеттік-жекешелік әріптестік және бюджеттік бағдарламалармен жұмыс бөлімінің бас маманы).*

Комиссия түгендеу кезінде материалдық құндылықтардың болуы ұзақ мерзімді активтер мен қорларды іріктеп есептеу арқылы анықталады. Бухгалтерлік қызмет түгендеу тізімдемелерін *(салыстыру ведомостарын)* материалдық жауапты тұлғалар бойынша жеке құрастырды, олардың нәтижелері бойынша кемшіліктер анықталды.

2019 жылы 18 шілдедегі Ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың №3362494-ОК1 қорытындысымен 2019 жылы 19 шілдесінде Басқарма мен «ПроектСервис»ЖШС-гі арасында «Қызылорда қаласының сол жағалауына қазақ музыкалық театры құрылысына техникалық-экономикалық негіздеме дайындау» үшін жалпы сомасы 14 808,9 мың теңгеге келісім шарт жасақталған.

Қазіргі таңда Басқарманың оборотық-сальдолық ведомосте №2411 «Аяқталмаған күрделі құрылыс» шотты бойынша 14 808,9 мың теңгеге Қызылорда қаласының сол жағалауына қазақ музыкалық театры құрылысына техникалық-экономикалық негіздемесі кірістелген.

8 тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 «Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 93-1 тармағының «ТЭН бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде ЖСҚ әзірлеу немесе жобаны іске асыру басталмаған (әзірленбеген), оның ішінде түзетілген БИЖ ТЭН-ге арналған экономикалық қорытынды ескірген болып есептеледі» талабы сақталмай, Басқарма тарапынан

«Қызылорда қаласының сол жағалауына қазақ музыкалық театры құрылысына техникалық-экономикалық негіздемесі» **жеті жылдан бері іске** аспағандығы анықталды.

9 тармақ. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VII «Бюджет кодексі» Кодексінің 4 бабының 6) тармақшасының «*тиімділік қағидаты – мемлекеттік функцияларды іске асыруды және бюджет* ***қаражатының көлемі аз кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді сапалы ұсынуды қамтамасыз ете отырып, шығыстар мен нәтижелер арасындағы оңтайлы арақатынасқа қол жеткізу қажеттілігін негізге ала отырып****, бюджет процесін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын жоспарлау мен пайдалануды жүзеге асыру*» деген және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы 6 бабының 4) тармақшасына сәйкес *«мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану»* талаптары сақталмай, Басқарма тарапынан жалпы сомасы **14 808,9 мың теңгені тиімсіз пайдалануға** жол берген.

дәлелді құжаттар: (2019 жылғы келісім шарт, оборот ведомость, ТЭН, ___ - бетте).

4.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталу аудиті:

- Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарларын уақтылы бекіту, жасалған өзгерістердің дұрыстығы, негізділігі;

- Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізудің, шарттар жасасудың негізділігі.

Басқармада мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы *(бұдан әрі-№434 Мемлекеттік сатып алу туралы Заң)* және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы *(бұдан әрі-№648 Қағида)* негізінде жүзеге асырылған.

Мемлекеттік сатып алулар бойынша 2023-31.07.2025 жылдарға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарлары Басқарма басшысымен бекітіліп, 2022 жылдың 23 желтоқсандағы №03-08/460 бұйрығымен «2023 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары» жалпы сомасы 1 699 158,7 мың теңгеге 75 лот құраған, 2023 жылдың 25 желтоқсандағы №1025 бұйрығымен «2024 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары» жалпы сомасы 31 155,7 мың теңгеге 52 лот құрап, 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 185 бұйрығымен «2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары» жалпы сомасы 16 062,1 мың теңгеге 47 лот құраған, мемлекеттік сатып алудың www.goszakup.gov.kz веб-порталында орналастырылған

Аудит жүргізу кезеңде басқарма мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізген оның ішінде 2023 жылы – 15 рет, 2024 жылы – 12 рет, 31.07.2025 жыл-4 рет.

2023 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жалпы сомасы 2 010 714,8 мың.теңгеге 69 келісім шарт және келісім шарттарға қосымша 7 келісім жасақталған, оның ішінде *«баға ұсынысын сұрату»* тәсілімен

42 келісім шарт және келісім шарттарға қосымша 3 келісім, *«ашық конкурс»* тәсілімен 6 келісім шарт және келісім шарттарға қосымша 1 келісім, *«өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу»* тәсілімен 12 келісім шарт келісім шарттарға қосымша 2 келісім, *«мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу»* тәсілімен 1 келісім шарт және келісім шарттарға қосымша 1 келісім, *«электрондық дүкен»* тәсілімен 6 келісім шарт келісім шарт, «алдына ала іріктеу бар конкурс» тәсілімен 2 келісім шарт жасақталған.

2024 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жалпы сомасы 19 638,4 мың.теңгеге 25 келісім шарт жасақталған, оның ішінде *«баға ұсынысын сұрату»* тәсілімен 19 келісім шарт, *«ашық конкурс»* тәсілімен 1 келісім шарт, *«өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу»* тәсілімен 4 келісім шарт *«электрондық дүкен»* 1 келісім шарт жасақталған.

31.07.2025 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жалпы сомасы 6 049,1 мың.теңгеге 33 келісім шарт жасақталған, оның ішінде *«баға ұсынысын сұрату»* тәсілімен 13 келісім шарт, *«ашық конкурс»* тәсілімен 1 келісім шарт, *«өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу»* тәсілімен 2 келісім шарт *«электрондық дүкен»* 18 келісім шарт жасақталған.

Дегенменде, Басқармада мемлекеттік сатып алу заңдылықтарының талаптарының сақталуына жүргізілген бақылау нәтижесінде төмендегі бұзушылықтар анықталмады.

12.11.2024 жылғы баға сұрату тәсілінің №13324867-ЗЦП1 қорытындысына сәйкес, «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» КММ-нің басшысы Казбекова Мира Жомартқызы мен «Global Translation Company»ЖШС-нің талон негізінде әрекет ететін Басшысы Сүлейменова Гүлнұр Наурызбайқызы арасында *«2024 жылға арналған «Brendke bir qadam» атты креативті ісшараны ұйымдастыру және өткізу қызметі үшін»* 18.11.2024 жылы №24 сатып алу туралы келісім шарт жалпы сомасы 4 814,8 мың теңгеге жасақталған.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес; Шарт күшіне енген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде немесе 30.12.2024 жылға дейін міндеттелген.

2024 жылы 02 желтоқсанында №240024/00/1 электорндық тауарларды қабылдап алу- беру актісіне сәйкес «024 жылға арналған «Brendke bir qadam» атты креативті ісшараны ұйымдастыру және өткізу қызметі үшін» Басқарма басшысы Казбекова Мира Жомартқызымен қабылданған.

Келісім шарттың 4.1 тармағына сәйкес «Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді» деген.

2024 жылы 05 қарашада Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысының орынбасары С.Жұматовпен

«2024 жылға арналған «Brendke bir qadam» атты креативті ісшараны ұйымдастыру және өткізу» бойынша сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшеліктерін бекіткен.

2024 жылы 29 қарашада «Global Translation Company»ЖШС-нің «Brendke bir qadam» республикалық форумының Шығармашылық есебін бекітілген техникалық ерекшеліктеріне қай тапсырған.

Алайда, «Global Translation Company»ЖШС-нің тапсырған шығармашылық есебімен 2024 жылы 05 қарашада бекітілген техникалық ерекшеліктерін салыстырғанда кемшіліктер анықталды,

Техникалық ерекшелікте көзделген:

- 17 тармағында «Қатысушыларды 150 дана арнайы брендтелген қаламмен қамтамсыз ету»
- 18 тармағында «Қатысушыларды 150 дана арнайы брендтелген блокнотпен қамтамсыз ету»
- 19 тармағында «Қатысушыларға 150 дана сйыллыққа арналған қағаз пакет қамтамасыз ету»
- 20 тармағында «150 дана кружкамен қамтамасыз ету»
- Зал жалға алу

2024 жылы 29 қарашада «Global Translation Company»ЖШС-нің «Brendke bir qadam» республикалық форумының Шығармашылық есебі бойынша.

- «Қатысушыларды 100 дана арнайы брендтелген қаламмен қамтылған»
- «Қатысушыларды 100 дана арнайы брендтелген блокнотпен қамтылған»
- «Қатысушыларға 150 дана сйыллыққа арналған қағаз пакет қамтылған»
- «150 дана кружкамен қамтылмаған»
- Зал жалға алу шарттары қамтамасыз етілмеген, Анамен тағзым орталығының ғимаратында шара өткізілген.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу туралы заң) 38-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын техникалық ерекшелігін көрсете отырып, мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастыруға міндетті.

Осыған қоса, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – № 648 Қағидалар) 366-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, қызметтер көрсетуге келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сонымен қатар, № 648 Қағидалардың 363-тармағына сәйкес, тапсырыс берушілер техникалық ерекшелікті мемлекеттік стандарттарды көрсете отырып әзірлейді, ал мұндай стандарттар болмаған жағдайда – сатып алынатын қызметтерге қатысты қолданылатын мемлекетаралық стандарттарды. Егер ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда, сатып алынатын қызметтерге қойылатын функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары мемлекеттік сатып алуды нормалау талаптарын ескере отырып көрсетіледі.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың 1.2-тармағына сәйкес, техникалық ерекшелік (2-қосымша) және онда көрсетілген талаптар осы шарттың құрамдас бөлігі болып табылады және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43-бабының 26-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау кезінде тауарлардың (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) атауы, саны, сапасы, техникалық ерекшелігі, құны, жеткізу орны мен мерзімдері мемлекеттік сатып алу туралы шарттың мазмұнына сәйкес болуы тиіс.

Шарттың 3.1-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес, Өнім беруші өзіне алған міндеттемелерді толық әрі тиісті түрде орындауға міндеттенеді.

Сонымен қатар, өз міндеттемелерін орындау барысында осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларда көрсетілген талаптарға қызмет көрсету барысында толық сәйкестікті қамтамасыз етуге міндетті.

Шарттың 5.2-тармағына сәйкес, қызмет өнім беруші тарапынан шартқа қоса берілген қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәлме-дәл сәйкес келген жағдайда толық көрсетілді деп есептеледі.

10-тармақ. Алайда, 2024 жылғы 18 қарашадағы №24 шарттың 3.1-тармағының 1), 3) тармақшалары мен 5.2-тармағының талаптарын бұза отырып, техникалық ерекшелікте көзделген талаптар өнім беруші тарапынан тиісінше орындалмаған. Аталған бұзушылықтың жалпы сомасы **4 814,8 мың теңгені** құрайды. Атап айтқанда, келесі «техникалық сипаттамалар» орындалмаған:

- 17 тармағында «Қатысушыларды 150 дана арнайы брендтелген қаламмен қамтамсыз ету»
- 18 тармағында «Қатысушыларды 150 дана арнайы брендтелген блокнотпен қамтамсыз ету»
- 19 тармағында «Қатысушыларға 150 дана сйыллыққа арналған қағаз пакет қамтамасыз ету»
- 20 тармағында «150 дана кружкамен қамтамасыз ету»
- Зал жалға алу.

дәлелді құжаттар: (2024 жылғы келісім шарт, шығармашылық есебі, қабылдау актісі, т.б____ бетте).

12. Мемлекеттік аудит саласында немесе аудит объектісінің қызметінде анықталған нәтижелердің мемлекеттік аудит көрсеткіштеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалау жүргізуді қамтиды.

Жүргізілген аудиторлық шаралардың нәтижесінде бұзушылықтар анықталды. Мемлекеттік аудит объектісі бюджет қаражатын пайдалаунда келесідей бұзушылық түрлеріне жол берген.

Сонымен қатар, іс сапар шығындары, еңбекақы есептеу, бюджеттік өтінімдер кезінде орыналған.

Жоғарыдағы бұзушылықтар Аудит объектісі басшылары, қызметкерлерінің кәсіби біліктілігінің төмендігінен және бюджет қаражатын пайдалануда жауапкершілікпен қарамау нәтижесінде орын алған.

13. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер: Болған жоқ.

14. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: Шаралар қабылданбады.

15. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің басшысы кәсіпкерлік субъектілері мен мүдделеріне мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары әсер еткен өзге де тұлғалардың анықталған қаржылық бұзушылықтары туралы хабарлайды.

Аудиторлық есеп екі данада жасалды *(қажетінің астын сызыңыз)*.

Қосымша: _____ парақта:

1.Мемлекеттік басқарманың ережесі, бұйрықтары, реквизит, тіркеу куәліктері және т.б. құжаттар.

2.Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар тізілімі

3. Аудиторлық дәлелдемелер.

Мемлекеттік аудит тобы/мемлекеттік аудитор:
ҚР ҚМ ІМАК Сәйкестік аудиті басқармасының
бас сарапшы-мемлекеттік аудиторы **Ғ.Мұратов**

Мемлекеттік аудит
объектісінің басшысы/
«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер
және құжаттама басқармасы» ММ басшысы **Ж.Ж. Сейілов**

Аудиторлық есепті танысуға алған күні: 2025 жылғы «____»_____

_____.
(Мемлекеттік аудит объектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Қарсылықтардың бар екені туралы белгі:_____.